

Ата - аналар үшін кеңестер "Баланың оқу іс - әрекетіне көмек"

1. Баланың сабағын женілдететін жағдай жасауға тырысыныз, тұрмыстық – жақсы тамақтану, тұрақты режим, толыққанды үйқы, жайлы тұрмыстық жағдай, сабак оқуға жайлы және ыңғайлы орын; **эмоционалдық** – баланың мүмкіндігіне сенімділік артыныз, табысты орындаудың үміт күтіңіз, кішкене жетістігі болса да, қуанышынызды білдіріңіз, баланың оқуына төзімділік, мейірімділік танытыныз, бала үлгермей жатсақтты сөйлемен; **мәдени** – балаңызды анықтамалармен, сөздіктермен, атластармен, бейнетаспалармен, мектептің оқу бағдарламасына сәйкес кітапшалармен қамтамасыз етіңіз.

2.Өз балаңызды тынданыз: ол жаттауға, есте сақтауға берген тапсырманы айтып шықсын, жазуға берген мәтінді бөліп-бөліп, асықпай оқыныз, оқулықтағы сұрақтар бойынша сұрақыз т.с.с.

3. Өзініздің бала кезініздегі жетістіктеріңіз туралы айтып, білімдеріңізден бөлісіңіз.

4. Ата-ананың назарында баланың бағасы ғана емес, білім болу керектігін есте ұстаңыз. Сондықтан да баланың болашағы туралы ойлаң, алған білімінің қай кезде, не үшін қажеттілігін түсіндіріңіз. Баланың оқуға белсенділігін тудыратын отбасылық дәстүрлер мен әдеттер құрыныз,

5.Баланың бос уақытын құр қалдырмай, оны мазмұнды әрі, пайдалы етіп өткізуге көмектесіңіз.

6.Балаңызды оқу үлгеріміне қарамай, жақсы көретініңізді сездіріңіз.

7.Балаңызды жан-жақты бақылау үшін және мүмкін көмектер көрсету үшін әрдайым балаңыздың қатысатын үйірмелерінің, факультативтерінің, қосымша сабактарының, **сабак кестесімен танысыныз.**

Балаңыздың қуана мектепке баруы үшін не іsteуге болады?

(Ата-аналарга кеңес беру жұмыстары)

- Оның уақытылы үйықтауға жастуын қадағалаңыз. Үйқысы қанбаган бала - сабакта мұңаюлы құбылжық.
- Мектеп туралы жаман айтпаңыз, Баланың көзінше мұғалімдерді сез қылмаңыз.
- Бала тапсырмаларға, мектептен әкелген кітаптарына сіздің қызығушылық танытып, қадағалайтыныңызды көрсін.
- Өзіңіз оқыныз, бала ата-аналарының бос уақытын тек теледидар мен компьютер алдында өткізбейтінін білсін, көрсін.
- Компьютерлік ойында ойнауды бала күнінде 20 минуттан асырмаяу тиіс.
- Балага өз ойын жазбаша жеткізуі үйретіңіз: онымен хат жазып алмасыныз, бірге хат жазыңыздар. Егер бала сізben қатты әсер алған оқиғасымен боліссе – сол оқиға жайлы әңгіме құрастырып жазуын өтініңіз , ал кешкісін оны барлық отбасы мүшелеріне оқып беріңіз.
- Мектеп пен сынып өміріне үнемі белсенділік танытыныз. Балага оның мектебінің сіздің өміріңіздің маңызды бөлігіне айналуы жақсы әсер етеді.

- Мектепте сіздің балаңыз өзіне деген өте жағымсыз қатынасқа қақтығысып қалуы мүмкін. Және де барлығы әрқашан іске аса бермейді. Осы сәтте балага өзіне деген сенімін жоғалтпауга көмектесіңіз.
- Кейде бала барлық мектептік жағымсыз жағдайларды жүректеріне жақын қабылданап қалуы мүмкін. Әркез оған нениң маңызды, нениң аса маңызсыз екенін үйретіңіз.
- Балаңызга ұрыссаңыз, «сен әрқашан», «сен мұлдем», «әркез сен» деген сөздерді қолданудан аулақ болыңыз... Негізінде сіздің балаңыз әрқашан жақсы, тек бүгін гана бір нәрсені дұрыс істемеді. Осы туралы оған айтыңыз.
- Әдетте бала жаман қылық істегендеге ол ұялу сезімін бастан кешіреді. Ал сіз оны жазалаганда, оның ұялу сезімі өшеді. Ал бұл қауіпті.

Ата-аналарға арналған ұсыныстар мен кеңестер

МЕКТЕП - БАЛА УШІН ЖАҢА ӨМІР

Қазіргі білім беру үрдісіндегі маңызды мәселелердің бірі -баланың мектепте оқуға дайындығы болып табылады.

Баланы мектепке дайындау маңызды, мектеп өміріне бейімделуден өтпен мүмкін емес, бірақ оны едәуір немесе жартылай болсын жеңілдету-орындауға болатын міндет.

БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫ

БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ КРИТЕРИЙЛЕРИ:

- Дене,
- Адамгершілік,
- Психологиялық,
- Ақыл-ой.

ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ

СанПин 2.42.1178-02 келісілген санитарлық-эпидемиологиялық «Білім беру мекемесінде оқу шарттарының гигиеналық талаптары» ережесіне сай бірінші сыныпқа балалар өмірінің жеті немесе сегіз жасынан ата-анасының шешімімен, баланың мектепте оқуға дайындығы жөніндегі психолого-медицино-педагогикалық комиссияның қорытындысы негізінде қабылданады. Мектепке қабылдаудың міндетті талабы- 1 қыркүйекке дейін баланың жасының 6,5 жастан кем болмауы болып табылады. 6,5 жасқа толмаған баланы оқыту мектепке дейінгі білім беру мекемесінде жүзеге асырылады.

АДАМГЕРШІЛІК ДАЙЫНДЫҒЫ:

- 1) мұғалімдермен қатынасын құра білу;
- 2) сыныптастарымен тіл табыса білу;
- 3) сырпайылық, ұстамдылық, тіл алушылық;
- 4) өзін-өзі бағалауы

- 5) өз іс-әрекетін, мінез-құлқын дұрыс ұстau және оқу тапсырмасын қабылдай білу, мүқият, үлкендердің сөзін бөлмей тындау.
- 6) басқаның көзқарасын қабылдау, өз-өзіне басқа қырынан қарау, сыныптастарын тындай білу, басқалардың сәтсіздіктерін адекватты түрде бақылау;
- 7) ата-аналар тарапынан берілген көмек бүйрек түрінде емес, кеңес түрінде болу керек.

Өз баланыздың жетістіктерін басқа балаларға қарап салыстырмаңыз. Баланы «баға» үшін оқытуға болмайды. Одан да тіпті кішкене жетістігі болса да, үнемі мақтап отыру керек.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ:

- 1) Бұл баланың оқудың маңыздылығын, қажеттілігін нақты түсінуі; Жаңа білім алуға қызығушылық танытуы;
- 2) Бұл мұғалімді тыңдай білуі және оның берген тапсырмаларын орындаі білуі;
- 3) Үлкендермен, сыныптастарымен тіл табыса білуі (үлкендердің беделін сезінеді, қарым-қатынасқа жеңіл түседі, кез келген қындықтан шыға білуге тырысады);
- 4) бұл ойлаудың, зейіннің, естің дамуының анықталған деңгейі.

МЕКТЕПТІК МАҢЫЗДЫ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ДАМУЫ:

- Қолдың ұсақ қимыл-қозғалысының дамуы (қол жақсы дамыған, бала қарындашты, қайшыны сенімді ұстайды);
- Кеңістіктегі қозғалысты сезіну (жоғары-төменді, алға-артқа, онға-солды дұрыс анықтау);
- Көз бен қолдың жүйесінің координациясы - (бала көзбен алдындағы (мысалы, кітаптағы); графикалық бейнені, фигуralарды, өрнектерді дәптерге дұрыс түсіру).

МЕКТЕПТІК МАҢЫЗДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ДАМУЫ:

- Логикалық ойлауының дамуы (әртүрлі нәрселерді салыстыруда арасындағы айырмашылықты, ұқсастықтарды табу, белгілеріне қарап жалпылай алу);
- Ырықты зейіннің дамуы (орындалп отырған тапсырамаға 15-20 минут зейіннің тұрақтандыру);
- Ырықты есте сақтауының дамуы (есте сақтай білу: есте сақталған материалды нақты символмен, сөзбен, немесе ситуациямен, суреттермен байланыстыру).

АҚЫЛ-ОЙ ДАЙЫНДЫҒЫ

- Ең маңызды көрсеткіш — бұл сөйлеу мен ойлаудың дамуы.
- Балаға «сондықтан да», «егер де», « себебі» деген сөздерді пайдаланып, талдаулар, қорытындылар жасауға үйрету өте пайдалы.

- Сұрақты дұрыс қоя білуге, жауабын тыңдай білуге үйретіңіз. Бұл өте пайдалы. Ойлау әрқашанда сұрақ қоюдан басталады. Ойлан деп жай айтқаннан баланың ойы іске аспайды.
- Сөйлеу – оқу үрдісінің негізі болып табылады. Ең маңыздысы монологиялық сөйлеудің дамуы. Бала үшін бұл әңгімелеп беру. Оқып болған соң балаға сұрақтар қойып талдатыңыз.
- Негізгі назарды кеңістікті бағдарлай алуға аудару керек. Бала сөзінде ұғымдарды, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, пайдалана ала ма: жоғары, төмен, артқа, төмен, жоғары, аралық, алдында., артында, алдынан, от..., сзади артынан, жанында , алысырақ т.б.

БАЛА ОҚУЫНЫҢ КӨЛЕМІ ЕМЕС, АЛҒАН БІЛІМІНІҢ САПАСЫ МАҢЫЗДЫ

- Жай оқып шығу ғана емес, сөйлеуді қоса дамыту керек. Жазу жазғанда қол қимылдарының дамуына назар аудару керек.
- Баланың толыққанды дамуы үшін ересектермен дамыту ойындарын ойнау, кітап оқуды тыңдату, сурет салғызу т.б пайдалы

ОҚУҒА ДАЙЫН ЕМЕС : СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ «ПОРТРЕТИ»

- ШЕКТЕН ТЫС ОЙЫНШЫЛДЫҚ;
- ӨЗ БЕТИНШЕ ҚИМЫЛДАМАУ;
- ҮЛКЕНДЕРГЕ БАҒЫНБАУ , ГИПЕРБЕЛСЕНДІЛІК;
- СЫНЫПТАСТАРЫМЕН СӨЙЛЕСЕ АЛМАУ;
- ҮЛКЕНДЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ТУСУ ҚЫЫНШЫЛЫҒЫ;
- ТАПСЫРМАЛАРҒА ЗЕЙІНДІ ШОҒЫРЛАНДЫРА АЛМАУ;
- АЙНАЛАСЫ ТУРАЛЫ АЗ БІЛУ, ЖАЛПЫЛАЙ АЛМАУ, ЖІКТЕЙ АЛМАУ, АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРДЫ ТАБА АЛМАУ;
- ҚОЛ ҚИМЫЛДАРЫНЫҢ ӘЛСІЗ ДАМУЫ;
- ҰРЫҚТЫ ЕСТЕ САҚТАУЫНЫҢ ДАМЫМАУЫ;
- СӨЗДІК ҚОРДЫҢ АЗ БОЛУЫ.

ЕСТЕ ҰСТАҢЫЗ:

Сіздің сүйіспеншілігіңіз бен шыдамдылығының баланың оқуда алға ілгерілеуінің кепілі.

Бірге тәрбиелейік

1 сынып ата-аналарымен жұмыс

«Мектепке дайын болу – оқи алу, санау, жаза білу емес .

Мектепке дайын болу – осылардың барлығын үйрене білуге дайын болу.

Венгер Л. А.

Бірінші ереже: бірге бөлісу арқылы, барлығымыз бірге, біз барлық қындықтарды жеңеміз.

Екінші ереже: ешқашан өз балаңызды басқалармен салыстырманыз.

Бірінші өсиет: Отбасындағы дүниеге келген әр бала әрқашан қалаған, тілеп алған болу керек.

Екінші өсиет: Кішкентай балаларды ешқашан қараусыз қалдырмау керек.

Үшінші өсиет: баланы айналасындағылармен тіл табыса білуге үйрету керек.

Төртінші өсиет: балаға қайырымдылық пен зұлымдықты, адамдардың шынайы ниетін тани білуге үйрету керек.

Бесінші өсиет: балаға өз бетінше ар-намыспен, мақтанышпен, өмірге қауіпсіз жолмен өмірлік ситуациялардан шыға білуге үйрету керек.

“Екі бақа” туралы аныз:

Сарайда тұрған шыныдағы қаймаққа екі бақа түсіп кетеді. Біреуі, шыға алмайтынына көзі жетіп, қақтығыспай өліп қалады. Ал екіншісі, шыға алмайтынына көзі жетіп тұрса да, қақтығысқанының бәрі бекер сияқты көрінсе де, секіре береді. секіре береді. Бірақ, аяғында қаймақ, әлгі бақаның секіргенінен, қоюланып, майға айналады. Әлгі бақа сөйтіп, секіріп шыныдан шығып кетеді.

Баладан ата-аналарға жадынама

Маған тиісе берменіздер және маған ұрыспаңыздар. Егер сіздер олай етсеңіздер, онда мен естімеген қалып танытып, қорғануыма тұра келеді. Ешқашан сіздер мұлдем кінәсіз екендерінізді, барлық жетістіктерге жеткендерінізді айтпаңыздар да, ауыздарыңызға да алманыздар.

Бұл сіздермен өзімді салыстыруда ыңғайсыз тудырады.

Менімен қатал болуға қорықпаңыздар. Мен дәл осындағы подходты қалаймын. Бұл менің өз орнымды анықтауыма көмектеседі.

Мен үшін ешқашан жасаманыздар.

Мені өзімді кішкентай сезінуіме жол берменіздер. Мен әйтпесе «жылауық», «қыңыр» болып ұтылам.

Менің әділдігімді қатты сынға ала берменіздер. Үміттерінізді ақтай алмаймын ба деп қорқып, оқай өтірікшіге айналуым мүмкін.

Өздерініз орындаі алмайтын уәдені берменіздер – бұл сіздерге деген сеніміме нұқсан келтіреді.

Менің қорқыныштарым және қауіптенулерім сіздерде аландаушылық туғызбасын. Әйтпесе мен одан сайын қорқатын боламын. Нағыз ЕРЛІКТІҢ қандай болатынын көрсетініздер.

Есте ұстанызы! Бала – біздің өміріміздің ең үлкен құндылығы. Оны түсінуге, оны тани білуге, оны сыйлай білуге тырысыңыз. Оның құнделікті мінез-құлық сызығында тәрбиелеудің ең тиімді тәсілдерін ұстаныңыз.